

М.А. Маретбаева, Б.С. Каукербекова, Б.Е. Мукеева\*, А.С. Ержанова, Г.Е. Оспанова

*Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан*

(E-mail: maretbaeva@qmu.kz, kaukerbekovab@kgmu.kz, mukееva@qmu.kz, a-erzhanova@qmu.kz, g.ospanova@qmu.kz)

## Әңгімелеу мәтінінің лингвостилистикалық құрылымы

Бүгінгі таңда мәтінді тұтасым мен байласымға негізделген бірлік ретінде жан-жақты зерделей отырып, оның эмоция мен экспрессияға ие көркемдік жағын зерттеудің шеңбері мен әдіс-тәсілдері күннен күнге кеңейіп келеді. Мақалада лингвистикалық әдіс-тәсілдің келесідей түрлері қарастырылды: сипаттама, құрылымдық, семантикалық, кешенді синтез бен анализ. Яғни талдау, жинақтау, жүйелеу секілді көп уақыттан бері тіл білімі мен гуманитарлық ғылымдарда қолданылып қалыптасқан тұжырымды тәжірибенің әдістері арқылы жүргізілді. Зерттеудің нәтижесінде мәтіннің контекстік-вариативтік ажыратылатын бөлшектері ретінде — әңгімелеу, суреттеу, ойталқы — сөйлеуде дәстүрлі аталып жүрген КСФ-лардың (композициялық сөйлеу формалары) тақырыптық-мазмұндық ерекшеліктері анықталып, олардың тілдік-стилистикалық ұйымдасу формаларына сипаттама берілген. Ақпаратты жеткізудегі бұл композициялық сөйлеу формалары — мәтіннің құрылымдық бөлігін құраушы негізгі және тұрақты элементтер. Сол себепті көркем мәтін мазмұны аталмыш композициялық сөйлеу формаларының бірде жекеленіп, бірде кезектесіп, араласып келіп, өзара тұлғалық, мағыналық дәрежеде байланысуы арқылы ұйымдасады. Мақала мазмұны көркем мәтіннің аталмыш ерекшеліктеріне мүмкіндігінше лингвостилистикалық сипаттама беруді көздейді.

*Кілт сөздер:* көркем мәтін, синтаксистік-стилистикалық мәтінтүзуші құралдар, композициялық сөйлеу формалары.

### *Kipicne*

Баяндау элементтерінің табиғи кезектесіп, тығыз ішкі байланысымен ерекшеленуі әңгімелеу құрылымына тән фразааралық байланыстардың маңызын арттырады. Уақыт жағынан кезектілік қатынаста орналасатын әрекеттер бірінен бірі туындап, толығып, дамушылық сипатта өрбиді. Осындай құрылым мәтіннің синтаксистік ұйымдасу формасын анықтауға жол ашады: сөйлем арасындағы байланыс іліктестік сипатта түзіледі. Сөйлемдердің байланысуында олардың баяндауыштары бірдей шақтық мағынаға ие, сондай-ақ, шылау, есімдік, үстеу сияқты арнайы лексика-грамматикалық амал-тәсілдер ерекше қызмет атқарады.

Әңгімелеудің заттық мазмұны өлшеусіз кеңістікті қамтиды, мезгіл тұрғысынан да шектеусіз болады. Ал композициясы тілдік деңгейде мазмұнды нақтылай отырып, кеңістік пен уақыт жағынан белгілі қашықтықты сақтау арқылы жүзеге асады. Бұл өз кезегінде объектіні бейнелеуге динамикалық сипат береді [1].

Әңгімелеу мәтіні келесі белгілер арқылы ұйымдасады:

- мәтіндегі әрекет басынан аяғына дейін бір-бірінен туып, ауысып отырады;
- аяқталған формада негізінен Кім? (не?), Қайда? Қашан? Не болды? деген сұрақтарға жауап береді;

- әңгімелеуге негіз болған белгілі бір жағдай есебінен оқиға құрылады;

Аталған белгілердің негізінде композициялық схема да басқаша құрылады:

1. Іске асып жатқан оқиғаның орны мен уақыты айтылады.

2. Оқиғаға қатысушы тұлғалар сөз етіледі.

3. Оқиғаның өту барысы жайлы айтылады.

4. Оқиғаның аяқталғандығы туралы ақпарат беріледі.

Мәтін құрамында оның қызметін фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және синтаксистік-стилистикалық мәтінтүзуші құралдар атқарады.

Көрсетілген байланыстырушы құралдар арқылы мәтінтүзілім үдерісінде оның бөлшектерінің арасында синтаксистік байланыс орнайды. Синтаксистік байланысқа сөйлеудегі бірліктердің өзара қатынасқа түсу үдерісін жатқызамыз. Бұл қатынас жекеленген сөйлемдердің арасындағы *байланыс*

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: mukееva@qmu.kz

*ерекшелігі мен тәсіліне*, сонымен қатар *құралдарына* қарай ажыратылады. Жеке сөйлемдердің синтаксистік байланысу ерекшелігіне сөйлемдердің өзара параллельді немесе тізбектік мағыналық байланыс жасау ерекшелігі жатады. Осыған байланысты параллельдік байланыс және тізбектік байланыс түрлері ажыратылады. Параллельдік байланысты қатар тұрған көршілес сөйлемдердің бірдей, ұқсас синтаксистік құрылымдарға ие болуы құрайды. Ал сөйлемдердің синтаксистік тоғысуынан тізбектік байланыс орнайды. Тізбектік байланысқа негізделген мәтіндердегі сөйлемдердің құрамы әртектес болса, параллельдік байланысқа негізделген мәтіндердегі сөйлемдер құрамының біртектес болып келетінін аңғаруға болады.

Автор өзін қоршаған болмысты әр түрлі әдіс-тәсілдермен таниды, оны баяндау формалары — әңгімелеу, суреттеу, ойталқы арқылы баяндап жеткізеді. Шағын көлемді шығармалар арасында тек бір сөйлеу формасын қамтыған немесе мәтіннің негізгі баяндау қабаты бір сөйлеу формасы арқылы ұйымдасқан баяндау формасын кездестіруге болады. Осы орайда, Мұхтар Әуезовтің «Қыр суреттері» әңгімесіне негізінен суреттеу мәтіні арқау болса, Роллан Сейсенбаевтың «Үкім» әңгімесінің негізгі баяндау тәсілі әңгімелеуге бағытталғанын атап айтуға болады. Осы іспеттес Шыңғыс Айтматовтың белгілі «Кассандро таңбасында» ойталқы мәтінінің басым екенін байқауға болады. КСФ-лардың әр мәтіндегі өзіндік артықшылығы автордың стильдік мақсатында қолданыс тапқанын танытады.

Кез келген шығарма мазмұны белгілі бір жақтағы автор бейнесінің, яғни баяншының сөзімен берілетіні мәлім. Баяншы өз шығармасында екі түрлі баяндау тілімен сөйлейді. Біріншісі — монолог, екіншісі — диалог.

Белгілі бір тұтас ойды жеткізуде қолданылатын сөйлеу формалары ретінде әңгімелеу, суреттеу, ойталқы мәтіндерін композициялық-сөйлеу формалары деп атау қалыптасқан. Олар автор баяндауында аяқталған тұтас шығарманың контекстік-вариативтік мүшеленуі арқылы ажыратылады. Аталмыш сөйлеу формалары монологтық сөйлеудің құрылымдық-стилистикалық типтерін де құрайды. Мәселен, бейнелеудің кеңістіктегі дамуын суреттеу көрсетсе, мезгілдік дамуын әңгімелеу, ал логикалық дамуы ойталқы еншісінде. Көркем прозада бұлардың таза түрде кездесуі өте сирек кездеседі, көбінесе араласып ұйымдасады. Көркем проза тілінің дамуын осы баяндау типтерінің өзіндік ерекшеліктері мен бір-бірімен қатынасу сипаттары белгілейді [1; 98].

#### *Зерттеудің деректері мен әдістері*

Қазіргі таңда көркем әдебиет стилистикасы аясында зерттелу үстіндегі мәселелер қатарына көркем мәтіндерді танудың, зерттеудің, талдаудың ұстанымдары мен әдістерін жатқызуға болады. Көркем әдебиет тілі мен көркем мәтін тілін зерттеудегі негізгі мақсат — көркем туындыға тән бейнелі құрылымның ерекшелігін ашу, көркем мазмұнды бейнелеуші тілдік құралдардың қызметін саралау. Ол алғышарттарға мыналар жатады:

1) көркем шығарма мазмұны мен формасын (тілін) бірлікте зерттеу;

2) көркем шығарманың өзара байланысын, басқа компоненттермен байланысы мен қарым-қатынасын ескеру;

3) көркем мазмұнға автор қатынасын ескеру;

4) шығарма жанрын ескеру;

5) ғылыми тәжірибедегі дамудың жаңа бағыт-бағдарларына сүйену т.б.

Бүгінгі таңда көркем шығарма тілін талдаудың біршама әдіс-тәсілдері бар, солардың ішінде ғылымда жан-жақты қолданысқа иесі: стилистикалық әдіс, құрылымдық және статистикалық әдіс түрлері. Бұлардың әрқайсысы дербес, дегенмен шартты түрде бірін көп дәрежеде, бірін аз дәрежеде, бірін негізгі, қалғандарын көмекші етіп, тіпті барлығын да бір мезетте қолдануға әбден болады.

Көркем әдебиет стилистикасының басты нысаны ретінде көркем шығарманы қарастыру барысында оның келесідей ерекшеліктері ескерілуі тиіс:

1) қатысымдық және эстетикалық қызмет бірлігі;

2) көпстильділік;

3) сөз образдылығы;

4) авторға тән дара стиль және мәнері;

5) автор бейнесі және оның шығарма стиліне әсері;

6) әдеби тілдің дамуына әсері.

Көркем мәтінге көркем әдебиет стилистикасы тұрғысынан зерттеу жүргізу барысында олардың жанрлық ерекшеліктеріне мән беру өте маңызды. Көркем мәтінді зерттеудің жолдары мен әдіс-

тәсілдерін тиімді, жүйелі жүргізуде басшылыққа алынатын проза, драма, поэзия жанрындағы шығармалардың негізгі өлшемдері мен компоненттерін білу шарт.

Мәтін — құрылымы мен жүйесі тұрғысынан күрделі жүйе. Бір бойына тұтастық, типологиялық, стилистикалық ерекшеліктер, абзац, күрделі синтаксистік тұтастықтарға бөліну, сөйлем, лексика-грамматикалық конструкциялар, мәтінішілік байланыстар, мәтіндегі сөйлемдердің тема-ремалық мүшеленуі сияқты қасиеттерді жинақтаған ірі құбылыс. Мәтін табиғатына деген қызығушылық қай кезде де іргелі зерттеулерге жетелейді.

#### *Зерттеудің нәтижелері мен талқылануы*

Тіл білімі саласында еңбегі зор, есімдері белгілі М.М. Бахтин, И.Р. Гальперин, З.Я. Тураева, В.В. Виноградов, Н.С. Болотнова, С.С. Мұстафина, Б. Шалабай т.б. ғалымдардың зерттеулері мен ғылыми тұжырымдарына сүйенсек, мәтін — тіл мен сөйлеудің, интеллектуалдық фактордың әсерінен пайда болған және солармен тығыз байланыстағы тұтастық. Бұл факторлардың әрқайсысы мәтіннің тілдік-құрылымдық бойында өз ізін қалдырады.


Көркем мәтіннің лингвостилистикалық тұтастығын зерделегенде, оның назарға алынатын ең негізгі қағидасы — тілдік-құрылымдық сипатын ашу, мәнін түсіну. Композициялық сөйлеу формаларының синтаксистік-стилистикалық тұрғыда ұйымдасу принциптерін саралау аталмыш құрылымдарды түсінуге жол ашады. Осы орайда сөйлеу формаларының тұтас мәтін жүйесіндегі орнын және қызметін, өзара арақатынасын белгілей отырып, қарастырғалы отырған өңгімелеу мәтінінің тілдік табиғаты мен баяндалу үлгісінің тілдік-құрылымдық ерекшелігін анықтауды көздейміз.

Мәтін құрамында оның қызметін фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және синтаксистік-стилистикалық мәтінтүзуші құралдар атқаратыны белгілі. Көрсетілген байланыстырушы құралдар арқылы мәтінтүзілім үдерісінде оның бөлшектерінің арасында синтаксистік байланыс орнайды. Сөйлеу бірліктерінің өзара қатынасы синтаксистік байланыс түзеді. Оны жеке дара сөйлемдердің арасындағы байланыс ерекшелігі мен тәсіліне және құралдарына қарай ажыратамыз. Жеке дара сөйлемдердің синтаксистік байланысу ерекшелігіне сөйлемдердің өзара параллельді немесе тізбектік мағыналық байланыс жасау ерекшелігі жатады. Осыған байланысты параллельдік байланыс және тізбектік байланыс түрлері анықталып, әрбір сөйлеу формаларында өзіндік көрініс табады [2].

Параллельдік байланыс негізінен суреттеу мәтіндеріне тән болып келеді. Алайда бұдан тізбектік байланыс суреттеу мәтіндерінде болмайды деген қорытынды шықпайды. Суреттеу мәтіні көркем әдебиетте кең таралған, молынан қолданылатын көркемдік тәсіл болғандықтан да оның көп қырлы табиғаты бар. Көркем мәтіндегі параллельді байланысқа негізделген мәтіндердің типтік құрылымына мына мысал үлгі бола алады (1-сурет):

*«Міне, біз екі шалқардың арасында тұрмыз. Қоңыр құйқалы, құнарлы шиыр. Адырсыз, жотасыз жазық алап. Керілген кең тақта. Қуаң тартқан қау.»*

*Батыс жағын қапталдай өскен қалың жал, көкжиекті көміп, кең жазылған кереге тәрізденіп иіліп келіп екі көлге тіреле тоқтаған. «Қос шалқар» қос босағаға орнатқан күміс бағана тәрізді екі көл. Кешкі тымыққа тынып, жадырап жатқан су ақырын ғана жағасына соғып дірілдейді. Ышқынбайды, тітіркенбейді» (М. Әуезов).*



1-сурет. Параллельді байланысқа негізделген мәтін түрі

Мұндағы мәтін құрылымындағы алғашқы сөйлемнен басқалары бірінші сөйлемнің тұтасқан суретін құрайтын жеке предметтер. Сондықтан олардың әрқайсысы семантикалық жағынан бірінші сөйлеммен тікелей байланысқа түседі. Әр сөйлемде айтылған жеке сурет жиылып келіп, тұтасқан «Қос шалқардың» суретін жасауға негіз болады. Бұл жерде әр сөйлемнен алынған жеке сөз сөйлем тақырыбына тірек ретінде алынған ассоциативтік семантикалық бір өрісті құрайтын предметтер деп көрсетуге болады. Мәтіннің көркемдік әсерін арттырып тұрған эпитет сөздердің ерекше қызметін анық байқауға болады. Әңгімелеу мәтіндеріндегі байланыс пен қатынас басқаша сипат алады.

Тізбектік байланыстың қай түрі болсын белгілі бір қалыптасқан синтаксистік байланыстарға бағынады, яғни берілетін сөйлемдердің өзара құрылымдық ұқсастықтары болады.

Ал параллельдік байланыста жеке сөйлемдер арасындағы байланыс олардың құрылымындағы ұқсастықтарға негізделеді. Осылайша, сөйлемдер тізбектеліп қана байланыспайды, параллельдік құрылымдар арқылы да көрінеді. Тізбектік байланыстың формуласына  $A \rightarrow B$ ,  $B \rightarrow C$  тән болса, параллельдік байланыс келесідей белгіленеді:  $A \rightarrow B$ ,  $C \rightarrow D$ . Мысалы:

*Жылтыр қара мұртының астынан қып-қызыл еріндері күле түсіп, аппақ тістерін ақситып, Мәнікениң қасына ерді. Оны Ысқақ ауылына қарай жаяу ертті де, үй ішінде өткен кеңесті тыңдаумен болды (М. Әуезов).*

*Әзімбай да кешкі салқын түсе, үлкен үйдің көлеңкесінен тұрды. Жіңішке қайың құрық сыпталып, жонылып болған-ды (М. Әуезов) [3; 15].*

Алғашқы әңгімелеу мәтіні өзара тізбектеле байланысқан, «оны» жіктеу есімдігі арқылы алғашқы сөйлемдегі кейіпкерге қатысты оқиға әрі қарай дамытылған. Тізбектік байланыста көбінесе байланыстырушы құрал ретінде есімдік сөздер, есімдікті үстеулер, жалқы есімдер, сан есімдер т.б. жұмсалады. Бұл мәтінде жіктеу есімдігі сөйлемдерді бір-бірімен мағыналық-тақырыптық, құрылымдық жағынан байланыстыруға қызмет етіп тұр. Синтаксистік байланыс бастауыш-толықтауыштық (жасырын түрдегі ол-оны  $B \rightarrow T$ ) тәсілі арқылы жүзеге асырылған. Мұндағы екі сөйлем өзара іс-әрекеттің мезгіліне қарай шарттаса байланысып, екі сөйлем арасында шарттылық сипаттағы синтаксистік қатынас орнатуға негіз болып тұр. Сөйлемдер арасында синтаксистік шарттылық сипат алған үлгіні екінші сөйлемнен де аңғаруға болады, алайда олардың арасындағы байланыс параллельді байланысқан. Себебі әр сөйлемнің өзінің темасы мен ремасы бар және олар бір-бірімен тең дәрежеде байланысқан.

1-сөйлем: Темасы — Әзімбай, ремасы — «үлкен үйдің көлеңкесінен тұрды».

2-сөйлем: Темасы — «қайың құрық», ремасы — «жонылып болған-ды»

Мұнда жарыса, қатар жүзеге асырылған мезгілдес іс-әрекет туралы айтылған.

Тізбектік байланыста сөйлемдер бір-бірімен арнайы синтаксистік құралдар арқылы байланысса, параллельдік байланыста ол параллель құрылымдар арқылы көрінеді. 2-сөйлемдегі құрылымдардың параллельдігі — бастауыш пен баяндауыш мүшелердің орын тәртібі жағынан ыңғайлас келуінен көрінеді [4; 368].

Әңгімелеу мәтіндерінде синтаксистік байланысу тәсілі ретінде баяндауыш-бастауыштық қатынас ( $B \rightarrow A$ ) та жиі қолданылып отырады:

*Кенжекей маздаттып от жақты. Жалпылдақ отын лезде тұтады... Қызыл ұшқыны сіркіреп, сытыр-сытыр жанып кетті (Ә.Нұрпейісов).*

1-сөйлемнің баяндауышы 2-сөйлемде заттанып бастауышқа айналған. Бір-бірімен сабақтаса, тізбектеле байланысқан сөйлемдер өзара шарттылық қатынаста тұр. Шарттылық қатынасқа кейінгі сөйлемдегі әрекеттің орындалуына алдыңғы әрекеттің алғышарт болуы негіз болады. Шарттылық қатынастан шарттылық мән пайда болады да, ізбе-із орындалатын әрекеттің уақыт жағынан бірізділігін білдіреді. Мысалы, берілген сөйлемдердің орын тәртібін соңынан кейін қарай (3-2-1) өзгерте алмаймыз, себебі олай болған жағдайда оқиғаның, іс-әрекеттің уақытқа қатысты анықталатын логикалық бірізділігіне нұқсан келеді. Шарттылық қатынастағы әңгімелеу мәтініндегі әр сөйлем дамытыла келе, мәтіннің негізгі бөліктерінде жекелік сипат алып, бөлшектене суреттеледі. Жоғарыдағы мысалдың бірінші сөйлемі Кенжекейге қатысты болса, кейінгі сөйлемдер отқа байланысты айтылып, «жалпылдақ отын» «қызыл ұшқын» деп ауыстырылып, кейінгі сөйлемдер отынның бір бөлшегі арқылы сурет нақтыланған. [5; 246].

Әңгімелеу мәтініндегі қарама-қарсы қою логика-семантикалық қатынас түрі параллельдік байланыс арқылы да жасалады:

*Көктемде соғыс бітті.*

*Жұрт қуанған. Мәре-сәре болған. Көпшіліктің қабағы ашылды. Кейбіреулер, тіпті той жасады. Бірақ бәрі бұрынғыша қала берді. Мұғалім төрт класты қосып оқытатын сабағын тәмамдап, жылдағы уағында балаларды таратты. Тілеубай қыс бойы баққан қойын колхозға қайырып беріп, соқаға шықты. Бригадир Берден дырау қамшысын алып, тағы да ақтабан атқа мінді. Қырманға тақау жерге, өзін жағасындағы үйреншікті орнына бастықтың боз үйі бастаған, қоңыры, қарасы аралас он шақты шаңырақ орнады. Жұрт қатарлы егіс жұмысына жегілгенмен, жеке отырғысы келген төрт-бес үй қозы-лақ, бұзау-торпағымен аяқ жетер таяу маңға көшіп қонды. Ересек балалар соқаның басын жетектеп, тоған байласып, үлкендермен бірге жұмысқа кірісті. Ұсақ балалар сирақтары жарылып, табандары дүңкиіп, күнұзақ жар жағалап жүгіруге, ертеден қара кешке дейін шалпылдатып суға түсуге, малта тас жинауға, көйлектерінің жаға, жеңін, дамбалдарының балағын буып, шабақ балық сүзуге кірісті.*

*Бәрі де бұрынғыша. Тек бәрі де өзгеше сияқты (М.Мағауин).*

Мұндағы жеке абзац болып тұрған оқиғаның аяқталу мерзімін көрсетіп тұрған әңгімелеу мәнеріндегі сөйлем авторлық мақсатта әдейі алынған. Себебі болған оқиғаның ерекше маңыздылығы осылайша ашылған. Одан кейінгі абзацтың алғашқы 4 сөйлемі суреттеу мәнерінде мазмұндалған: А→В, С→Д, Е→Ж, З→И параллельдік байланысқа негізделген суреттеу мәтінінің моделі бойынша жасалған; параллельді грамматикалық құрылымдар, сөздердің бірдей орын тәртібі, етістіктердің бірдей тұлғада (деривациялық қайталау) қайталанып келуі т.б. Мәтіннің мазмұндау бөлігі 6-сөйлемнен басталады. 6-сөйлеммен анықтап-нақтылау логика-семантикалық қатынас түрінде байланысқан кейінгі сөйлемдер бірыңғай параллельдік құрылымдар болып табылады. 6-сөйлемдегі «бәрі» сөзі бұл сөйлемдерде — *мұғалім, Тілеубай, бригадир Берден, он шақты шаңырақ, ересек балалар, ұсақ балалар* деген сөздер арқылы нақты мағына, нақты сурет алған. Бұл тақырыпты ашып тұрған кілт сөздер оқиғаның дамуының негізгі лейтмотиві болып табылады. Осы сөздер арқылы мәтіннің семантикалық өрісі жасалған. Аталған әрбір сөз «бәрі» есімдігі аясында жинақталып, ауыл-ел, халық тақырыбын ашып тұр. Бұл сөздер үзінді-мәтіннің, тіпті тұтас шығарманың семантикалық ядросына ұқсайды да, мәтіннің мағыналық тұтастығын ұстап тұрады.

Үзінді-мәтін құрамындағы 2 сөйлемнен тұратын соңғы абзац — мәтіннің қорыту бөлігі кейіпкер ойын әрі жинақтап, әрі қорытып тұр. Мәтіндегі «бәрі» есімдігіне қатысты сөз-тақырыптардан ойдың даму өрісінің ассоциациялық дамуын байқауға болады [6; 49].

Мазмұнның баяндау мәнері ойдың жалпыдан жекеге қатынасы тұрғысынан берілуі де әңгімелеу мәтіндерінде кездесіп отырады:

*Қисық атты дөңнен асып көрінбей кеткенше соңынан тесіле қарап тұрып қалды. Көптен жасаурамаған көзіне жас үйірілді. Белі сынып бүгілгендей болған соң, үй іргесіндегі тері үстіне отыра кетті.*

*Түтіннің астында ұзақ отыра алмады. Көмейі мен көзіне ащы түтін кіріп, дем алмай тұншығып бара жатқасын түтіндік астынан жүгіріп шықты. Жаны төзбей бара жатқасын ол жаппасына қайта кірді.*

*Құлагер өлімінен соң іле ұстасқан қарауыл мен керей арасындағы барымта лаңы ақырлап келгенде Көкшетау уезінің сырт жақтағы төрт болысына ауыртпалық болып түсті. Әсіресе әр болыста ауыл-ауыл болып қоныстанған қараша үйлер, оның ішінде Байбатыр, Шәкей, Ожымбай ұрылардың алыс жұрағат, ағайын-жамағайындары, ең арты руы бір демесе, олармен жеті атадан ғана қосылатын сегіз тананың бірі Есенбайдың ішінде Қылды, Жаулыбай, Шоқтыбай, Шұңғырша, Жақсылық рулары көбірек жапа шекті (С.Жүнісов).*

Мазмұнның жалпыдан жекеге өтуі, ассоциациялық ой арқылы дамуы сөйлемдердің арасындағы анықтап-нақтылау логика-семантикалық қатынас түріне негіз болады да, мәтіндегі суретті толықтыруға қажетті деталь суреттердің жасалуына, акпаратты нақтылауға мүмкіндік береді. Мұндағы тақырып лексикалық ауыстырулар арқылы, яғни зат есім — жалқы есімдер арқылы ашылған. Анықтап-нақтылау қатынасының көркем мәтінде маңызы ерекше, себебі көркем шығарма әрдайым суреттеуде нақтылыққа ұмтылады. Бұл синтаксистік қатынас түрінде суретші тіліне бұтарлап, мүшелеп суреттеу, алдыңғы тақырыпты тарқата, дамыта суреттеу тән болады. Мұндай қатынас түрінде синтаксистік байланыстырушы лексикалық құралдардың тақырыптық өрістері бір-біріне жуық болып келеді. Жоғарыдағы келтірілген мәтіндерде Қисық — көз — бел; көмей мен көз, жан сөздері жалпы адам және адамның мүшелері деген тақырып аясында бірігеді [6; 49].

Әңгімелеу мәтіндерінде баяндалатын оқиғалар себеп-салдарлық қатынас арқылы да дамытылып көрсетіледі:

*Ұлдармен ере шығып еді, Нартай желкесінен алды да, қыздар ақсүйек ойнамайды деп итерін үйге кіргізіп жіберді. Бірақ бұлар бәрібір жөндеп ойнай алған жоқ. Кішкентайлары ойынға жарамдады, ересектерінің саны аз болды. Бірін-бірі қуып, бос шулап, үйді айнала жүгіре берді (М.Мағауин).*

Мәтіннің 1-2 сөйлемдері арасында қарама-қарсы қою қатынасы болса, 2-3 сөйлемдер арасында себептік, 3-4 сөйлемдер арасында салдарлық синтаксистік қатынас түрлері орын алған. Оқиғаның дамуы себеп-салдарлық қатынасқа негізделген. 1-сөйлем мен 2-сөйлем «бірақ» және «бұлар» сілтеу есімдігі арқылы лексика-грамматикалық құралдары арқылы байланысқан. Сөйлемдердің арасында толықтауыш-бастауыштық (Т→Б) синтаксистік байланысу тәсілі жүзеге асқан. Мұндағы негізгі байланыстырушы белсенді құрал ретінде қарсылықты мәнді шылау сөз бен сілтеу есімдігі жұмсалған.

Жоғарыдан байқағандай, әңгімелеу мәтіндерін мағыналық-құрылымдық және композициялық тұтастыққа біріктіруде есімдік сөздер ең жиі қолданылатын бірліктер болып табылады. Жіктеу, сілтеу, жалпылауыш мәнді, өздік есімдіктері ерекше қолданысқа ие екенін, сонымен қатар фонетикалық құралдардың синтаксистіктен басқа стилистикалық мақсатта да жұмсалатынын аңғардық. Әсіресе, фонетикалық құрал қатарына жататын интонация мен ырғақ мәтіннің прагматикалық мақсат-міндетке сай ұйымдасуына, мәтіннің стилистикалық тонын қалыптастыруға белсенді түрде ат салысады.

Әңгімелеу мәтнінде іс-әрекет, оқиғаның мезгілдес-шарттаса жүзеге асыру үшін есімдіктермен қатар үстеу сөздер де оқиғаның уақытқа қатысты дамуын суреттеуге қатысады:

*Кей кезде, әсіресе соңғы уақыттарда, алғашқы он кісі бір-бір кіріп шыққан соң тағы тың адамдарын да жіберетін болған. Бұлар бес-алтыдан да келеді. Кейде тіпті елеусіз болсын деп, өгіз мінгізіп, жалғыз-жарым кедей-кепшікті де жібереді. Келгендердің бәрі де ұғындырған тәртіп бойынша сауда қыла келеді. Әр күн әр ләкпеден әр алуан ұсақ-түйек алады. Бірақ бір қадақ сабын, яки бір кез шыт қана алатын болса да, саспай көп қыдырып, көп саудаласып жүретін қазақ әдетінің осы кездерде пайдасы тиген. Алушысы жоқ болып қаңырап тұрған ләкпешілерге әңгіме де керек. Сол ретпен жағалап жүріп Сұлтанмұратқа арналып жіберген хабаршы елеусіз келіп, елеусіз кететін (М.Әуезов).*

«Осы уақытта», «осы кезде», «сол заматта», «бұл уақытта» т.б. есімдік + үстеу сөздері арқылы жасалған тіркестер мәтінде актив қолданылған және шартты синтаксистік қатынас жасауға ықпал еткен. Шарттылық сипаты пен мәні іс-әрекеттің, оқиғаның уақытқа қатысы арқылы анықталып тұр.

Әңгімелеу мәтіндерінде оқиға желісін дамытуда, кейіпкердің іс-әрекетін, қимылын баяндауда ең көп қолданылатын лексика-грамматикалық категория — етістік. Ал етістіктің жедел өткен шақ -ды/-ді, -ты/-ті тұлғалары оқиғаның кезең кезеңімен өту барысын бірізділікпен сипаттауға қызмет етеді. Әңгімелеу мәтініне сай бірінен соң бірі болған әрекетті жеткізуге жедел өткен шақ өте бейім келеді:

*Құдайберген құлаған жоқ. Траптың көлденең ағашына арқасы соғылды да тұрып қалды. Ивлев оңдап тағы бір салды. Құдайберген сасар емес. Өз тілінде әлдене деді де, көзі қанталап Андрейдің кеудесін сол қолымен бүріп, оң қолын түйіп, бастан салып қалды. Балғадай жұдырық Ивлевті мұрттай ұшырды. Құдайберген тіл қатпастан траппен жоғары өрлеп кетті. Жұрт күліп жатыр. Біреуі Андрейдің басына шелектеп су құйып жіберді. Әлі есімде, Андрей орнынан тұрған соң мені көріп, бетінің ұшына қан жүгіріп, көзін тайдырып әкетті... (Р.Сейсенбаев).*

Бұл жерде жедел өткен шақ грамматикалық қызметпен бірге көркем шығармаға тән қосымша қызмет атқарып тұр. Жедел өткен шақ сөйлеп тұрған уақытқа дейін болып өткен іс-әрекет қимылды білдіргенмен, бұл жерде оқиғаны нақ осы сәтте (шығармада), көз алдымызда өтіп жатқандай етіп елестетуге қатысып тұр [7; 239].

Әңгімелеу мәтіндерінде етістіктер көсемшенің -а/-е/-й қосымшалары арқылы да жасалады.

*Мен дүниені ұмыттым. Қарағұл мені ұмытқан. Тек шобыр ғана «жөлаушының жолы жүрсе өнер» дегендей мимырт кібіртігінен аумайды, ауыспайды. Қарағұлдың желкесінен көз алмаймын (С.Сматаев).*

Әңгімелеу мәтіндерінің жасалуына грамматикалық құралдар да белсенді түрде қатысады. Оларға негізінен қыстырма конструкцияларды, жалғаулық шылауларды, синтаксистік параллелизм мен сөздердің орын тәртібін жатқызамыз.

*Темір Қанғұл деген әдемі алаңында сайрандауға шықты. Үйткені ол далаға шықса, қай жаққа өлім себу керектігін көзімен көргендей болып қайтатын еді. Айналаға көз жіберіп, жердің етегіне*

дейін көргісі келді. Темірдің көзі жететін жердегі адам баласының бәрі де, тышқанға ұқсап, індеріне кіріп кетіп еді (Ғ.Мүсірепов)

Жұрт қуанған. Мәре-сәре болған. Көпшіліктің қабағы ашылды. Кейбіреулер, тіпті той жасады. Бірақ бәрі бұрынғыша қала берді (М.Мағауин).

Алдыңғы сөйлемде айтылған пікірге, оқиғаға қарсы мән тудыру мақсатында жалғаулық шылаулар ұтымды жұмсалады.

Шал теңізге соңғы рет бұрылып қарап еді, кешкі қараңғылыққа тоғысқан тұманды, бұлтты аспан ештеңе аңғартпады. Үрейлі толқын шуы мен порт басындағы жүкшілердің айғайлары ғана құлаққа шалынады. Портқа тұмсық тіреген алып кемелер көрінбей қалыпты. (Кемелер бүгін түн теңізге шықпады). Жиырма бір жыл портта жүк тасып еңбек еткен Құдайберген қапы ойлап бара жатқан жоқ. Шал көз алдына өңсіз, сұлық тұрған кемелерді елестетіп келе жатып, оқыстан тағы бір көлденең сұраққа ұрынды. Лезде жауабын да тапқандай еді, таптым-ау деп ойлағаны мұң екен, орнында кілт тұрып қалды (Р.Сейсенбаев).

Қыстырма сөздер, айқындауыш мүшелер сияқты қыстырынды конструкциялар көбінесе мәтін оқиғасына, кейіпкер іс-әрекетіне қатысты субъективтік қарама-қарсы, ыңғайлас, толықтырушы көзқарасты, ойды, бағалауды көрсету үшін қолданылады [8; 134].

Стилистикалық-синтаксистік байланыстырушы құралдардың қатарына мәтінтүзуші анафора, эпифора, дамыту, қайталау, троп арқылы байланыстыру сияқты стилистикалық амал-тәсілдер жатады. Әрине, стилистикалық құралдар мен тіл құралдарын бұлайша бөлудің өзі шарттылыққа құрылғанын ескеру керек. Себебі көркем шығармада кез келген тілдік құрал әрі грамматикалық, әрі стилистикалық мәнге де ие болуы мүмкін. Мысалы:

Қыс ортасында Көбеген шал да қара кемпір мен Сақыпжамалдың соңынан аттанды. Ерте тұрып, қой қораның түбінде шылжырға асылып қапты. Бұл жолы Яков жылады. Егіліп, шын жылады. Көнбіс Көбеген үшін. Бақытсыз Сақыпжамал үшін. Оқ астында қанға батып өлген бейтаныс әйел — өзінің туған анасы үшін. Тіпті, өмірін аурумен, азаппен өткізген сөйлеуік қара кемпір үшін. Түптен келгенде өзі үшін. Кісі қолына қарап, біржолға жетім қалғаны үшін. Өзін қанша басқанмен тоқтай алмады (М.Мағауин). Мәтіндегі «жылады» етістігі мен «үшін» шылауының қайталанып келуі мәтін мазмұнына себеп-салдарлық мән үстеп, оны өзектендіріп тұрғанын байқаймыз. Кейіпкердің ұзақ, қатты қайғырып, түңіліп және таусыла жылаған бейнесін суреттеуде етістік пен шылаудың қайталанып келуі стилистикалық құрал ретінде жұмсалған. Ал септеулік шылау сөйлемнің соңында келіп, әрекеттің маңыздылығын арттыруға, себеп-салдарлық мағына беруге ерекше ықпал етіп тұр [9].

Суреттеу мәтінімен салыстырғанда әңгімелеу мәтіндерінде троп түрлерін көркем мәтіндерді байланыстырушы құрал ретінде жұмсау жиі қолданысқа ие құбылыс. Троп түрлері шығарманың тұтас стилистикалық композициясы мен стиліне, жанрына да байланысты қолданылады. Осы орайда, Ғ.Мүсіреповтің символдық мәнге ие ана тақырыбындағы циклдік шығармаларында және тағы да басқа кейбір шағын көлемді шығармаларының баяндау тілінде троп түрлерінің жиі ұшырасқанын көруге болады. Мысалы:

Тоқпақтай тиетін тоқпақ жсілік, «күрзідей» тиетін ортан жсілік, шоқпардай тиетін асықты жсіліктер жарқ-жұрқ етіп, әр жерден өре тұра келді. Бәрінің көздегені келген батырдың шекесі сияқты (Ғ.Мүсірепов) — бұл тұста синекдоха кейіпкерді суреттеуде ұтымды қолданылған. Әңгімелеуде троп қолданысы шығарма «мінезіне» тән «асқақтық», «көтеріңкі» көңіл-күй мен эмоцияны жасауға үлес қосқан [10].

Ертеңіне есіліп ақ тау, жосылып жота жол берді, жол үзгі жалғанып қалды екі шек қосылып. Поезд да өтті, ен далада еркін салып айғайын, будақтатып көсіліп. Есрафил да бұл алыстан түңілді, жас алыптан — жаңа адамнан үміт кесіп, тосылып. Бар ашуы алқымына тығылып, қалжыраған, бір тұрып, бір жығылып, кетті қайтып мұз жеріне, түбегіне, қанды іздері қалды қарда жосылып... (Ғ.Мүсірепов) — әңгімелеу мәтініне өзек болған тақырып — ертеңіне болған оқиғаның өту барысын сипаттауда көсемшенің -ып/іп/п тұлғалары шеберлікпен қолданылған. Мұндай деривациялық қайталау әңгімелеу мәтіндерінде стилистикалық қызметте келуі жиі кездесетін құбылыс. Деривациялық қайталау оқиғаның бір күйден екінші күйге ауысу сипатын бейнелеуде ұтымды қолданылған.

Кенжекей маздатып от жақты. Жалпылдақ отын лезде тұтады... Қызыл ұшқыны сіркіреп, сытыр-сытыр жанып кетті. (Ә.Нұрпейісов) — мұнда екі айтылым-сөйлемді байланыстыруға дәнекер болып тұрған сөздердің етістіктері кейінгі сөйлемде эпитетті зат есімге айналып, оның сын-

сипатын бейнелеуге қатысып тұр. Сонымен қатар түбірлес сөздердің қайталанып келіп, байланыстырушы қызмет атқаруы да әңгімелеу мәтіндерінде жиі кездесетін құбылыс болып табылады [11].

XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап қалыптасып, бүгінде дұрыс даму жолындағы мәтін лингвистикасы жеке сала ретінде өркениетті ғылыми ой-санадағы үлкен бір белестен хабар береді. Қазіргі уақытта мәтін лингвистикасының даму бағытына тән бірнеше негізгі ағымды атауға болады.

1. Тұтастық пен тығыз байланыстылық негізгі қасиеттері болып табылатын, ең жоғары жүйе ретіндегі мәтіндік зерттеулер.

2. Мәтін типологиясын коммуникативтік көрсеткіштер мен соларға қатысты лингвистикалық белгі-қасиеттер сай құрастыру.

3. Мәтін түзуші бірліктерді қарастыру.

4. Айрықша мәтіндік категорияларды анықтау.

5. Мәтін әсерінен туындайтын тілдік бірліктердің сапалық дәрежелерін, жүзеге асырылуының әр түрлі деңгейлерін айқындау.

6. Фразааралық байланыстарды, қатысым теориясын зерттеу [12].

Мақалада мәтін лингвистикасы аясында сараланған теориялар мен тұжырымдар негізінде төмендегідей пайымдаулар жасауға болады:

1. Мәтінді сөйлемдегі қарапайым құрылымнан күрделі тұтасқан құрылымдық-семантикалық бірлік сипаты ерекшелейді. Бұл бірлік коммуникативтік тұтастықпен жымдасып, мағыналық, грамматикалық жақтан аяқталған тұтас ой, логикалық, грамматикалық және семантикалық байланысқа түскен бір бүтін ретінде қабылданады. Осы тұста, мәтінді зерттеу барысында оның ауқымды құрылымдық базасын құрайтын сыртқы және ішкі құрылымдық қарым-қатынастарын бақылау — зерттеудегі ең жемісті бағыттардың бірі болмақ.

2. Мәтін типологиясында объектілік қайшылықтар мен үздіксіз вариативтік қиыншылықтар мен кедергілердің болуы заңды. Дегенмен, аталмыш бағытта жемісті еңбектер де аз емес. Бүгінгі күнге дейін тіл білімінде ертегілер, балладалар, лирикалық өлеңдер мен мифтер, детективтер, қысқа газет мақалалары мәтіндерінің коммуникативтік, құрылымдық, семантикалық ерекшеліктерінің сипаттамасы жасалғаны белгілі.

Мәтінге деген қызығушылық қатарында көркем мәтінді зерттеуге ерекше назар аударылып келеді. Мәтінді түсіну, қабылдау, оның тілдік-стилистикалық сыр-сипатын сезіну оқырманнан белгілі білім-білік дағдыларын талап ететін шығармашылық үдеріс.

Осы мақсатта көркем мәтінді құраушы композициялық сөйлеу формаларының бір түрі әңгімелеу мәтініне арнайы тоқталдық. Оның лексикалық, грамматикалық, стилистикалық тұрғыда ұйымдасу ерекшеліктері тілдік тұрғыдан талданды [13].

### *Қорытынды*

Философиядағы жалпы, жеке, ерекше ұғымдарына сүйенетін болсақ, жекенің өзі жалпының құрамында өмір сүреді. Ал ерекшелік ұғымы осы жалпы мен жекенің тоғысқан жерінен көрінеді. Бұған дейін жеке-дара қарастырылып жүрген троп, стилистикалық құралдарды жалпы көркем шығарма мазмұнымен, мәтінөндіруші автормен тұтастықта алып қарау бүгінгі таңдағы зерттеулерде белең ала бастаған, қажеттіліктен туған ерекшелік болып табылады. Мәтін болмысын жаңа қырынан тануға деген бетбұрыс жалпы ұлттың қазіргі жаһандану заманында өзін-өзі тану арқылы осы үдеріске қосылуға деген ұмтылысынан туған үрдіс екені белгілі. Жаһандану, яки интеграциялану құбылысы жалпыға бірігу дегенді ғана емес, дара, айрықша болмыстың жалпыға кірігуін де білдіреді.

Кез келген тілдің бірінші міндеті — қатысымдық қызметті жүзеге асыру болып табылады. Қатысымдық үдеріс барысында қандай да бір имплицитті, эксплицитті жасырын ақпараттар беріліп, сол арқылы қарым-қатынас жүзеге асырылады. Мәтін қатысым бірлігі болғандықтан, оның ең басты қасиеті — ақпараттық-мазмұндық ерекшелікке ие болуында. Мәтіндегі ақпараттың берілуінде әр КСФ түрліше ұйымдасып, ақпараттық-мазмұнының ұйымдасуына қарай да бір-бірінен ажыратылады. Оған талдау жасау үшін мәтін бірлігі болып есептелетін сөйлем-айтылымның тема/ремалық бөліктерінің ақпараттық мазмұнын анықтау өте маңызды болады.

Мәтіннің тақырыптық мағыналық тұтастығын айтылымның темалық бөлігі ұстап тұрса, ал оның құрылымдық тұтастығын ремалық бөлік ажыратып тұрады. Суреттеу мәтінінің ремалық бөлігі сапалық, атаулық мәнде ұйымдаса келіп статикалық сипат алса, әңгімелеу мәтінінің ремалық бөлігі негізінен оқиғалы, қимыл-етістікті болып келіп динамикалық сипатта ұйымдасады.



Әрбір КСФ нақты мағыналық-логикалық құрылымға сай ұйымдасады. Әңгімелеу мәтіні оқиғаның, кейіпкер іс-әрекетінің уақытқа қатысты дамуын көрсетсе, ойталқы логикалық категорияларға қатысты, ал суреттеу кеңістікке қатысты дамуын бейнелейді.

Әңгімелеу мәтіні грамматикалық құрылымының ұйымдасуы сан алуан болып келеді. Оның бірліктері қалай болса солай емес, арнайы синтаксистік байланыстырушы құралдар мен тәсілдер арқылы байланысады. Әңгімелеу мәтінінде актив қолданылатын синтаксистік байланыстырушы құралдардың мынадай 4 түрі бар:

1. Фонетикалық құралдар
2. Лексикалық құралдар
3. Грамматикалық құралдар.
4. Синтаксистік-стилистикалық құралдар

Көрсетілген байланыстырушы құралдар мәтін бірліктері арасындағы тізбектік, параллельдік байланысқа, олардың арасында орнайтын бастауыш-бастауыштық, толықтауыш-бастауыштық, баяндауыш-бастауыштық т.б. синтаксистік байланысу тәсілдерін, мезгілдес-шартты, себеп-салдарлық, қарама-қарсылықты, анықтап-нақтылау, толықтыру синтаксистік қатынас түрлерін жасауға тірек болады. Сонымен қатар автордың стилистикалық мақсатына сай да жұмсалынады. Ал фонетикалық құралдар мәтіннің эмоционалды-экспрессивтілік категориясының тілдік механизмдерін жасауға белсенді түрде қатысып, тұтас мәтіннің стилистикалық тонын, сөйлеушінің, кейіпкердің көңіл-күйі мен эмоциясын жеткізудегі ырғақтың жасалуына ықпал етеді.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш / А. Байтұрсынов. — Алматы: Атамұра, 2003. — 208 б.
- 2 Хомутова Т.Н. Язык для специальных целей [Электронный ресурс] / Т.Н. Хомутова // Изв. РГПУ им. А.И. Герцена. — 2008. — Режим доступа: <http://cyberleninka.ru/article>.
- 3 Нелюбин Л.Л. Лингвостилистика современного английского языка: учеб. пос. / Л.Л. Нелюбин. — 5-е изд. — М.: Флинта; Наука, 2008. — 128 с.
- 4 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынастың теориялық негізі / Ф.Ш. Оразбаева // Тіл әлемі. Мақалалар. Зерттеулер. — Алматы: Ан Арыс, 2009. — 368 б.
- 5 Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: филол. ғыл. докт. ... дисс. / З.Ш. Ерназарова. — Алматы, 2001. — 246 б.
- 6 Аханов К.А. Тіл білімінің негіздері / К.А. Аханов. — Алматы: Санат, 1993. — 49 б.
- 7 Виноградов В.В. Вопросы синтаксиса современного литературного языка / В.В. Виноградов. — М.: Высш. шк., 1950. — 239 с.
- 8 Винарская Е.Н. Выразительные свойства текста / Е.Н. Винарская. — М.: Высш. шк., 1989. — 134 с.
- 9 Қашқынбаева К.С. Ғылыми мәтіндердегі лингвостилистикалық ерекшеліктерді зерттеудің маңыздылығы туралы / К.С. Қашқынбаева. — Алматы: Ғылым, 2006. — Б. 205–213.
- 10 Бүркітов О. Қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі: филол. ғыл. докт. ... автореф. 10.02.02 — қазақ тілі / О. Бүркітов. — Алматы: А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, 2001.
- 11 Елемесова Ш.М. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары: филол. ғыл. канд. ... автореф. 10.02.02 — қазақ тілі / Ш.М. Елемесова. — Алматы: А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, 2003.
- 12 Саткенова Ж.Б. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі: филол. ғыл. канд. ... дисс. 10.02.02 — қазақ тілі / Ж.Б. Саткенова. — Алматы: әл-Фараби ат. ҚазМУ, 2006.
- 13 Ахметова М.К. Суреттеу мәтінінің құрылымы: филол. ғыл. канд. ... автореф. 10.02.02 — қазақ тілі / М.К. Ахметова. — Алматы: А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, 2002.

М.А. Маретбаева, Б.С. Каукербекбаева, Б.Е. Мукеева, А.С. Ержанова, Г.Е. Оспанова

#### Лингвостилистическая структура повествовательного текста

Сегодня при комплексном изучении текста как единицы, основанной на целостности и связи, день ото дня расширяются рамки и методы изучения его художественной стороны с эмоциональностью и экспрессией. В статье рассмотрены следующие виды лингвистических методов: описательный, структурный, семантический, комплексный синтез и анализ. То есть анализ, компиляция, систематизация осуществлялись методами практического опыта, давно применяемыми в языкознании и гуманитарных науках. В результате исследования определены тематические и содержательные особенности компо-

зиционных речевых форм, которые традиционно называются в речи контекстуально-переменными частями текста, — повествованием, описанием, отражением, и их лингвостилистические формы воплощения. Описаны организации. Эти сложные формы речи при передаче информации являются основными и устойчивыми элементами, составляющими структурную часть текста. Вот почему содержание художественного текста организуется сочетанием названных составных речевых форм, иногда поодиночке, попеременно и вперемешку. Содержание статьи направлено на максимально полное лингвистико-стилистическое описание отмеченных особенностей художественного текста.

*Ключевые слова:* художественный текст, синтаксико-стилистические текстовыделительные средства, композиционно-речевые формы.

М.А. Maretbayeva, B.S. Kaukerbekova, B.E. Mukееva, A.S. Yerzhanova, G.E. Ospanova

## Linguistic and stylistic structure of the narrative text

Today, with a comprehensive study of the text as a unit based on integrity and connection, the scope and methods of studying its artistic side with emotionality and expression are expanding day by day. The following types of linguistic methods are considered in the article: descriptive, structural, semantic, complex synthesis and analysis. That is, analysis, compilation, systematization, etc. were carried out by methods of practical experience that have long been used in linguistics and the humanities. As a result of the research, the thematic and content features of the CFS (compositional speech forms), which are traditionally called contextually variable parts of the text in speech — narration, description, reflection, and their linguistic and stylistic forms of embodiment, are determined. Organizations are described. These complex forms of speech in the transmission of information are the main and stable elements that make up the structural part of the text. That is why the content of a literary text is organized by a combination of these composite speech forms, sometimes singly, alternately and mixed. The content of the article is aimed at the most complete linguistic and stylistic description of the noted features of the literary text.

*Keywords:* literary text, syntactic and stylistic highlighting means, compositional and speech forms.

## References

- 1 Baitursynov, A. (2003). *Adebiat tanytqysh [Literature guide]*. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 2 Khomutova, T.N. (2008). Yazyk dlia spetsialnykh tselei [Language for special purposes]. *Rossiiskii Gosudarstvennyi Pedagogicheskii Universitet imeni A.I. Gertsena — Russian State Pedagogical University named after A.I. Herzen*. Retrieved from <http://cyberleninka.ru/article> [in Russian].
- 3 Neljubin, L.L. (2008). *Lingvostilistika sovremennogo angliiskogo yazyka [Linguostylistics of modern English language]* (5d ed.). Moscow: Flinta; Nauka [in Russian].
- 4 Orazbayeva, F.Sh. (2009). Tildik qatynastyn teoriialyq negizi [The theoretical basis of language communication]. In *Til alemi. Maqalalar. Zertteuler — Language World. Articles. Research*. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 5 Ernazarova, Z.Sh. (2001). Qazaq soileu tili sintaksistik birlikterinin pragmatikalyq negizderi [Pragmatic foundations of syntactic units of the Kazakh spoken language]. *Doctor's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 6 Akanov, K.A. (1993). *Til biliminin negizderi [Fundamentals of linguistics]*. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 7 Vinogradov, V.V. (1950). *Voprosy sintaksisa sovremennogo literaturnogo yazyka [Questions of syntax of the modern literary language]*. Moscow: Vysshaya shkola [in Russian].
- 8 Vinarskaja, E.N. (1989). *Vyrazitelnye svoistva teksta [The most remarkable features of the text]*. Moscow: Vysshaya shkola [in Russian].
- 9 Kashkinbaeva, K.S. (2006). *Gylymi matinderdegi lingvostylistikalyq erekshelikterdi zertteudin manyzdylygy turaly [On the importance of studying the linguistic stylistic features of scientific texts]*. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 10 Burkitov, O. Qaitalamalardyn lingvostylistikalyq zhuyesi [Linguistic system of repetitions]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Almaty: A.Baitursynov atyndagy Til bilimi instituty [in Kazakh].
- 11 Yelemesova, Sh.M. (2003). Korkem matindegi ulttyq madeniyyetyn tildik [Linguistic significance of national culture in a literary text]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty: A.Baitursynov atyndagy Til bilimi instituty [in Kazakh].
- 12 Satkenova, Zh.B. (2006). Keipker tilinyn kognitivty aspektisi [Cognitive aspect of the language of symbols text]. *Candidate's thesis*. Almaty, al-Farabi atyndagy Qazaq ulttyq universiteti [in Kazakh].
- 13 Akhmetova, M.K. (2002). Suretkey matininyn qurilimy [The structure of the descriptive text]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty: A.Baitursynov atyndagy Til bilimi instituty [in Kazakh].